

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 662 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Заңға тәуелді актілер департаменті:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментіне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» РМК-не Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық «Әділет» жүйесінде ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Имашев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 662 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы тізбе

1) «Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 120 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 120 № 8406 болып тіркелген) бұйрығы;

2) «Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 120 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2014 жылғы 25 ақпандағы № 80 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 28 ақпандағы № 9180 болып тіркелген, 2014

жылғы 1 қаңтарда № 12 (27888) «Казахстанская правда»; «Егемен Қазақстан» 2014 жылғы 1 қаңтарда № 12 (28490) жарияланған) бұйрығы;

3) «Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 120 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2014 жылғы 20 қарашадағы № 325 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 28 қарашада № 9913 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 15 желтоқсанда жарияланған) бұйрығы ;

4) «Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 120 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 11968 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 тамызда № 11968 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 қыркүйекте жарияланған) бұйрығы.